

## АҚПАРАТТЫҚ ХАТ

### *Құрметті әріптестер!*

«Мирас» университеті (Қазақстан Республикасы) Сакаррия университетімен (Түркия Республикасы) және Түркі әлемі зерттеулері қорымен бірлесіп, ғалымдарды, жоғары оқу орындарының оқытушыларын және зерттеушілерді Түркі әлемінің әлеуметтік ғылымдар халықаралық конгресіне (Uluslararası Türk Dünyası Sosyal Bilimler Kongresi) қатысуға шақырады. Конгресс 2026 жылдың 16–18 қыркүйек аралығында Қазақстан Республикасы, Шымкент қаласында өтеді.

Конгрестің мақсаты – халықаралық ғылыми ынтымақтастықты дамыту, Түркі әлемі мен Еуропа елдерінің ғалымдары арасындағы академиялық байланыстарды нығайту, сондай-ақ әлеуметтік ғылымдардың өзекті мәселелері мен даму перспективаларын талқылау.

Түркі әлемінің әлеуметтік ғылымдар халықаралық конгресі (ITWSSC) – Түркі әлеміндегі академиялық, әлеуметтік, экономикалық және білім беру салаларындағы ынтымақтастықты дамыту мақсатында 2003 жылдан бері жыл сайын өткізілетін халықаралық конгресс. Түркі әлемінің тарихи, мәдени және экономикалық орталықтарының бірінде ұйымдастырылатын бұл конгресс әлеуметтік ғылымдар саласындағы ғылыми баяндамаларды қамтиды. 24-Конгресс «Мирас» университетінде өткізіліп, қатысушыларға дәстүрлі (офлайн) және онлайн форматта қатысу мүмкіндігін ұсынады.

Мақалалар мен қатысуға өтінімдерді қабылдау мерзімі – 2026 жылғы 30 тамызға дейін.

Конгрестің ғылыми бағыттары, мақалаларды рәсімдеуге қойылатын талаптар, ұйымдастыру жарнасы және басқа да ақпаратпен Конгрестің ресми сайтынан танысуға болады: [www.turkkongre.com](http://www.turkkongre.com)

#### Конгрестің жұмыс тілдері:

- қазақ тілі;
- түрік тілі (Түркия түрік тілі);
- басқа түркі тілдері;
- ағылшын тілі.

Конгреске қабылданып, ұсынылған барлық баяндамаларға ISBN берілген Конгресс материалдарының электрондық жинағында жарияланады. Ұсынылған барлық материалдар тиісті ғылыми бағыттар бойынша мамандардың қатысуымен ғылыми сараптамадан және екі жақты жасырын рецензиялаудан (double-blind peer review) өтеді.

Тіркелу, авторлану және мақалаларды ұсыну конгрестің ресми сайты арқылы жүзеге асырылады: [www.turkkongre.com](http://www.turkkongre.com)

Ұйымдастыру комитеті барлық қызығушылық танытқан зерттеушілерді Түркі әлемінің әлеуметтік ғылымдар халықаралық конгресінің жұмысына қатысуға және Түркі әлемі елдері арасындағы ғылыми ынтымақтастықтың дамуына өз үлестерін қосуға шақырады.

Жауапты хатшы: Роговой Александр Викторович, e-mail: [rogovoy\\_a@miras.edu.kz](mailto:rogovoy_a@miras.edu.kz)

Құрметпен,  
Конгрестің ұйымдастыру комитеті  
«Мирас» университеті  
Шымкент қаласы, Қазақстан Республикасы